

## Глубокое аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 маусымдағы № 44/5-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 маусымда № 7198 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 – бабының 2-тармағына сәйкес, Глубокое аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Глубокое аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

Глубокое аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 наурыздағы № 45/4-V "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4450 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған);

Глубокое аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 37/7-VI "Глубокое аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 наурыздағы № 45/4-V "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6478 болып тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған).

2. Осы шешім 2020 жылдың 8 маусымынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия торағасы*

*Глубокое аудандық мәслихатының хатшысы*

*Е. Леонтьева*

*А. Баймульдинов*